

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстандықтардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін шамамен 350 миллиард теңге аударылды

2021 жылдың 10 ақпанындағы БЖЗҚ-дан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдері бойынша жедел ақпарат төмендегідей сипатқа ие:

БЖЗҚ-ға уәкілетті операторлардан («Отбасы Банкі» ТҚЖБ» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ) тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға **104 076** өтініш түсті.

Оның ішінде **36,8 млрд теңгеден** аса сомаға **6 824** өтініш уәкілетті операторларда ашылған арнайы шоттарға кейіннен төлемдер жасау үшін өңделуде. Заң талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты **32 870 өтініш** қабылданбады.

Жалпы сомасы **350 млрд теңгеге 64 382 өтініш** орындалды, аталған сома уәкілетті операторларға аударылып, өтініш берушілердің арнайы шоттарына есептелді. Төлемдердің орташа сомасы шамамен **5,4 млн теңге**.

БЗТ алуға берілген өтініштердің басым бөлігі бұрынғысынша Алматы қ. (20, 6%), Нұр-Сұлтан қ. (16,7%) және Маңғыстау облысының (14,6%) тұрғындарынан келіп түсуде.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).